



ХҒТАР: 15.41.49
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-149-4-368-378>

Ұлтаралық некеде тұратын әртүрлі діни бағдардағы ерлі-зайыптылардың қарым-қатынас ерекшеліктері

А.Б. Валиева^{ORCID}, А.М. Айтышева^{ORCID}, Г.Т. Урузбаева^{ORCID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: Aruzhanka_92_@mail.ru, almat2007@mail.ru, azizabaizakova@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада әртүрлі ұлт өкілдерінің ерлі-зайыптылары арасындағы қарым-қатынас сипатына талдау берілген. Зерттеудің өзектілігі елімізде және жалпы әлемде ұлтаралық некелердің жоғары деңгейімен түсіндіріледі. Зерттеудің мақсаты – ерлі-зайыптылар әртүрлі діни бағдарлардың өкілдері болып табылатын этносаралық некедегі неке қатынастарының психологиялық ерекшеліктері мен мәселелерін зерттеу. Зерттеудің тәуелсіз айнымалылары ерлі-зайыптылардың ұлты мен діни бағдарының түрі болып табылады. Талдау пәні әртүрлі дінді ұстанатын ерлі-зайыптылармен ұлтаралық некедегі неке қатынастарының психологиялық сипаттамасы болып табылады. Эмпирикалық зерттеулердің әдіснамалық негізінің белсенділік принципі (С.Л.Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, т.б.), жүйені анықтау және талдау принципі (Л.С. Выготский, Б.Ф. Ломов, т.б.), тұлғалық көзқарас (С. Л. Рубинштейн, Б. Г. Ананьев және т.б.) құрайды. Эмпирикалық бағдарламада А.Н. Волкованың “Некедегі рөлдік үміттер мен ұмтылыстар” әдістемесі, «Отбасындағы қарым-қатынас» (Ю.Е. Алешина, Л.Я. Гозман, Е.М. Дубовская) әдістемесі; «Конфликт жағдайында ерлі-зайыптылардың өзара әрекеттесу сипаты» (Ю.Е. Алешина, Л.Я. Гозман, Е.М. Дубовская) әдістемесі қолданылды. Ерлі-зайыптылардың діни бағдарын анықтау үшін И.М.Богдановскаяның «Діни бағдар сауалнамасы» және Г.Олпорт, Д.Росстың «Діни бағдар шкаласы» пайдаланылды.

Бұл зерттеу тақырыбы пәнаралық болып табылады және әлеуметтік психология, отбасы психологиясы мен этнопсихология аспектілерін қамтиды. Зерттеу нәтижелерінде отбасылық кеңес беру аясында неке қатынастарының ерекшеліктерін зерттеу және некелік өзара әрекеттестік жүйесінің бұзылуы мәселелерін шешуде ері мен жұбайының діни бағдарын анықтаудың маңыздылығы атап көрсетілді.

Түйін сөздер: ұлтаралық отбасы, ішкі діни бағдар, сыртқы діни бағдар, неке қатынастары, конфликтілер.

Кіріспе

Әлеуметтік зерттеулерге сүйенетін болсақ, Қазақстанда ұлтаралық неке жалпы неке санының 20%-ын құрайды, алайда бұл көрсеткіш азаматтық некелер мен діни рәсімдер бойынша қиылған барлық некелердің санын көрсетпейді. Осыған байланысты мұндай отбасылардың психологиялық ерекшеліктерін және олардың жағдайын білу мен дұрыс түсіну қазіргі психология ғылымының өзекті, әрі маңызды міндеті болып табылады.

Әрбір этнос отбасылық қарым-қатынастар, ерлі-зайыптылардың міндеттері, балаларды тәрбиелеу туралы өз идеяларын дамытады, сонымен бірге өзінің мәдениетін өз халқының өкілдерінің дәстүрлерімен, іс-әрекеттерімен және басқа ұлт өкілдеріне, әлемге деген көзқарастарымен көрсетіп, оларды өзін-өзі анықтаудың ұлттық сипатында қолдауға ұмтылады.

Этносаралық некелердің әлеуметтік-психологиялық сипаты ерлі-зайыптылардың белгілі бір ұлтқа тән ортақ белгілері мен мәдени ерекшеліктері (тіл, халық шығармашылығы, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, рәсімдер, мінез-құлық нормалары, әдеттері) мен өзіндік психологиялық құрылымы бар тарихи қалыптасқан тұрақты адамдар тобы болып табылатын этносқа тән қарастырылады. Ерлі-зайыптылардың этникалық ерекшеліктері мен өмір салтына негізделген дәстүрлерінің, ұлттық мәдениеттерінің айырмашылығы мен өзгешелігі этносаралық некеде белсенді түрде және күнделікті өзара әрекеттесу деңгейінде көрінеді [1]. Этникалық сана-сезім ерлі-зайыптылардың бірлескен өмірлік іс-әрекетіндегі қарым-қатынасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені олардың шығу тегі белгілі бір әлеуметтік қауымдастықта және сондағы бірлескен тарихи тәжірибесінде қалыптасты. Этникалық сана-сезім тек жұбайының ұлтын түсінумен ғана шектелмейді. Ол сондай-ақ жеке адамның іс-әрекетінде, сезімінде, мінез-құлық мотивтерінде және т.б. көрінеді. Этникалық сана-сезім адамдардың ұзақ уақыт бірге өмір сүру процесінде туындайды және оның қалыптасуына әлеуметтік орта, шығу тегінің ортақтығын түсіну, ортақ тарихи тағдырлар және т.б. күшті әсер етеді. [2]. Сол себепті көп жағдайда басқа ұлттың адамымен некеге тұру туралы шешім үлкен жеке жауапкершілікпен байланысты және негізінен, моральдық-психологиялық негіздердің жеткілікті деңгейде түсінікті болуын қажет етеді. Осылайша, әртүрлі дінді ұстанатын адамдардың ұлтаралық некелері белгілі бір біржақты түсініктерді жеңумен байланысты болады және оған қатысушылардан, яғни ерлі-зайыптылардан, көптеген субъективті түрдегі араласуларды талап етеді.

Ұлтаралық некелердің әлеуметтік-психологиялық табиғатының ең маңызды құрамдас бөлігі дін болып табылады. Сенімдегі, діни санадағы және көзқарастағы айырмашылықтар ұлтаралық некелік қарым-қатынастың көріністері ерлі-зайыптылардың діндарлық дәрежесіне, олардың әрқайсысының ішкі сенім жағдайына, қаншалықты маңызды екеніне байланысты. Діни фактор кейбір жағдайларда тіпті некеге кедергі келтіруі мүмкін басым көрсеткіш болып табылады [3].

20 ғасырдың аяғында Қазақстанда әрбір бесінші неке этникалық аралас болды және бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі елдердің ішінде Латвиядан кейін екінші орында тұрды. Мұнда әрбір төртінші неке, былайша айтқанда, халықаралық

болды. Бірақ Қазақстандағы ұлтаралық некелердің үлкен бөлігінің қазақтардың, әсіресе әйелдердің отбасын құру тәжірибесіне қатысы жоқ. Мұндай жоғары көрсеткіш орыстар, украиндар, немістер, татарлар және белорустар арасында жиі жасалған неке одақтарының арқасында алынды. Қазіргі уақытта этникалық аралас отбасылардың айтарлықтай жоғары көрсеткіші бұрынғысынша сол халықтардың өкілдерімен қамтамасыз етілуде, дегенмен олардың Қазақстан халқына қатысты сандық үлесі соңғы бірнеше ондаған жылдар ішінде айтарлықтай төмендеді. Жалпы алғанда, ұлтаралық некеге қатысты Қазақстандағы бұрынғы үрдіс жалғасуда. Сонымен қатар, қазақ әйелдерінің өзге ұлт өкілдерімен некеге тұруы да көбейген. Бұл Қазақстандағы неке және отбасы институты саласындағы бірден-бір жаңа құбылыс. Алайда, екінші жағынан, көптеген басқа этностар бірнеше ондаған жылдар бойы байырғы халықпен іргелес өмір сүріп жатқан елде қандай да бір араласулар сөзсіз болуы керек. Бұрын қазақ жігіттері Қазақстанның орыс-славян қауымының өкілдерімен жиі некеге тұрған. Бүгінгі таңда қазақ ерлерінің шешен, ұйғыр, татар ұлтынан шыққан әйелдермен діни заңдылықтар бойынша құрылатын некелердің көбеюі байқалады [4].

Әрбір елдегі аралас некелердің деңгейі басқа себептерге қарағанда, сол елдің ұлттық халқының ішінде әрекет ететін немесе ұлттық халықтың қоршаған қоғаммен қарым-қатынасына әсер ететін нақты факторлармен көбірек анықталады.

Қазақстандағы этникалық аралас некелердің болуы сөзсіз. Бұған мұндай неке одақтарын құру тәжірибесіне қалыптасқан төзімділік атмосферасы айтарлықтай ықпал етеді. Аралас неке бүкіл халықтың болашағына әсер ететін маңызды демографиялық процестердің бірі болып табылады.

XIX ғасырдың аяғына дейін мұндай неке әрдайым ерлі-зайыптылардың бірінің екіншісінің дінін қабылдауымен байланысты болды. XXI ғасырда қазіргі қоғамның үлкен бөлігін сипаттайтын діни мәселелерге толығымен дерлік немқұрайлылық аралас некеге кіретін адамдардың абсолютті санына қатысты мұндай ауысулардың пайызының айтарлықтай төмендеуіне әкелді.

Айта кету керек, ажырасу эндогамдық жұптарға қарағанда аралас некелер арасында жиі кездеседі. Аралас жұптар арасындағы салыстырмалы түрде төмен туу деңгейі аралас некеге тән тағы бір салдары болып табылады. Тағы бір маңызды мәселе – аралас некеде туған балаларды тәрбиелеу. Аралас некеден туған балаларды тәрбиелеу болашақта ұлттың демографиялық дамуын айқындайтын факторлардың біріне айналары сөзсіз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақстандағы этносаралық некелердің қазіргі заманғы ерекшеліктеріне арналған зерттеулер өте аз екені байқалып отыр. Алғашқы еңбектердің бірі – В.И. Козловтың этнодемографиялық шолуы, онда Қазақ КСР-сындағы ұлтаралық неке туралы деректер келтірілген. Ю.А. Евстигнеевтің жұмысында Солтүстік Қазақстан қалаларындағы аралас некедегі балалардың ұлт таңдау мәселесін зерттелген [5]. А.Б. Калышев [6] Қазақстан ауылдарындағы аралас некелерді, бірақ тек қазақтар мен орыстар арасындағы аралас некелерді зерттейді. Автор 20-ғасырдың аяғындағы жағдай бойынша қазақтар мен

орыстар арасындағы неке көрсеткіші жалпы өсуіне қарамастан, өте сирек кездесетінін және халықтың этникалық құрамына қарай күтілгеннен 10 есеге дейін аз болатынын көрсетеді. Ал, сол кезде орыстардың украиндармен және немістермен некеге тұруы күтілгеннен де жиірек болғанын жазады.

Қазіргі кезде аралас неке мен отбасы мәселелерін зерттеуші С.Қ. Уалиева бұл мәселені республиканың әр облыстарында жүргізген [7]. Әлеуметтік-психологиялық зерттеуінде М.П. Кабакова ажырасудың негізгі мотивтерін және бір ұлтты мен аралас этникалық жұптардағы некелік қатынастардың ыдырау механизмдерін зерттеді [8].

Отандық психологияда әртүрлі ұлттардың отбасыларының салыстырмалы зерттеулерін бөліп көрсетуге болады. И.К. Мацкевич Қазақстан Республикасындағы ремиссиялық отбасы мүшелерінің жеке психологиялық ерекшеліктерінің көрінуіне ұлттық психологияның әсерін зерттеді [9]. З.М. Балғымбаева қазақ, орыс және ұйғыр этностарының материалы негізінде жыныстық бір жақты түсініктердің мазмұнындағы этникалық айырмашылықтарды анықтады [10].

Бұл зерттеудің пәні әртүрлі дінді ұстанатын жұбайлармен ұлтаралық некедегі неке қатынастарының психологиялық сипаттамасы болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – ерлі-зайыптылар әртүрлі діни бағыттардың өкілдері болып табылатын этносаралық некедегі неке қатынастарының психологиялық ерекшеліктері мен мәселелерін зерттеу. Ерлі-зайыптылар арасындағы өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу үшін келесі әдістер пайдаланылды: А.Н. Волкова құрастырған «НРҰ» (Некедегі рөлдік күтулер мен ұмтылыстар); «Отбасындағы қарым-қатынас» (Ю.Е. Алешина, Л.Я. Гозман, Е.М. Дубовская); «Конфликт жағдайындағы ерлі-зайыптылардың өзара әрекеттесу сипаты» (Ю.Е. Алешина, Л.Я. Гозман, Е.М. Дубовская) әдістемелері. Ерлі-зайыптылардың діни бағытын анықтау үшін И.М. Богдановскаяның «Діни бағдар сауалнамасы» және Г. Олпорттың, Д. Росстың «Діни бағдар шкаласы» пайдаланылды.

Нәтижелер

Жеке тұлғаның діни бағдар түрін анықтау сауалнамасы мен диагностикалау нәтижелері бойынша эмпирикалық зерттеуге 52 ерлі-зайыптылардың арасынан қазақ, шешен, татар, өзбек, орыс, украин өкілдерінен құрылған 30 ерлі-зайыпты жұптар (60 адам) таңдап алынды. Бұл некелердің 2 жылдан 5 жылға дейінгі өмірлік тарихы бар. Зерттелушілердің жасы 23 пен 40 жас аралығында болды. Топтарды бөлу критерийлері ерлі-зайыптылардың діни бағдары болып табылды: ішкі немесе сыртқы. Сонымен қатар, зерттелушілер христиан және мұсылман діндерінен болды. Осылайша, зерттеуге сыналушылардың 3 тобы қатысты:

1-топ – ерлі-зайыптылардың ұлттары әртүрлі, бір немесе әртүрлі дін өкілдері, бірақ ерлі-зайыптылардың біреуінің сыртқы, ал екіншісінің ішкі діни бағдары бар;

2-топ – ерлі-зайыптылардың ұлты әртүрлі, діндері әртүрлі және екеуінің де сыртқы діни бағдары бар тұлғалар;

3-топ – ерлі-зайыптылар әртүрлі ұлт өкілдері, бір дінде, екеуі де ішкі діни бағдарды ұстанады.

Үш топтың респонденттері – Астана қаласының тұрғындары. Зерттеуге қатысқан ерлі-зайыптылардың материалдық және тұрмыстық жағдайлары шамамен бірдей, сонымен қатар ерлі-зайыптылардың балалары бар болды. Жұмыс ерлі-зайыптылардың әрқайсысымен жеке жүргізілді.

Сауалнама барысында респонденттердің дінге қатынасының тұлғалық мотивтері де («өкіну», «идеал іздеу, рухани бос орынды толтыру», «өзін іздеу») және әлеуметтік-тұлғалық мотивтері де («дәстүрді қалпына келтіру», «шынайы діни сенімге оралу») анықталды. Бірінші мотив өзін-өзі растау қажеттілігімен байланысты болса, екіншісі өзін-өзі дінге сәйкестендіру арқылы шешілетін мәдени-тарихи өзіндік сәйкестендіру қажеттілігімен байланысты.

Діни сенімнің сол немесе басқа мотивтерін таңдау жеке тұлғаның қажеттіліктері негізінде жасалатыны анық, ол болашақта отбасында қажеттілікті саналы қанағаттандыруды күтуден көрініс табады. Ал егер үміттер орындалмаса, онда келіспеушіліктер мен қақтығыстар туындайды.

Үшінші топтағы отбасыларда бірінші топтағы ерлі-зайыптылардың екеуі де мешітке немесе шіркеуге барады, әртүрлі қасиетті әдебиеттерді оқиды, дін ережелерін сақтайды, діни мерекелерді тойлайды. Екінші топтағы отбасыларда ерлі-зайыптылар мешітке немесе шіркеуге барып, діни мерекелерді тойлайды.

Діни сенімнің анықтығы діни бағдардағы шкала арқылы ашылды. Әдістер бойынша нәтижелерді салыстырмалы талдау жоғарыда сипатталған сипаттамалар бойынша үш топқа бөлінді.

Үш топта да ерлі-зайыптылар арасында некедегі жыныстық қатынас саласында және жұбайымен тұлғалық сәйкестендіруге қатысты келісім бар.

Үш топтағы ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушілік 4 бағыт бойынша белгіленеді: шаруашылық-тұрмыстық, ерінің (жұбайының) ата-аналық міндеттеріне қатысты, ерінің (жұбайының) неке-отбасы қатынастарының тұрақтылығы үшін сыртқы әлеуметтік белсенділігінің (кәсіби, қоғамдық) маңыздылығына қатысты көзқарасы, некенің эмоциялық-психотерапиялық функциясының маңызы.

Сыртқы діни бағдары бар ерлі-зайыптылардың арасында сыртқы келбеттің маңыздылығына және оның заманауи сән стандарттарына сәйкестігіне (сыртқы тартымдылық шкаласы) қатысты қарама-қайшылықтар бар.

Манн-Уитни критеріі арқылы нәтижелерді талдау 2 және 3 топтар үшін «Сыртқы тартымдылық» көрсеткішінде елеулі айырмашылықтарды анықтады ($p \leq 0,05$ болғанда $U_{эмп.} = 24$).

«Отбасындағы қарым-қатынас» әдістемесінің нәтижелері үш топтың отбасылық қарым-қатынас құндылықтарын анықтаудағы айырмашылықтарды көрсетті.

Барлық үш топтың ерлі-зайыптылары «қарым-қатынастағы сенімділік», «ерлі-зайыптылар арасындағы өзара түсіністік» сияқты құндылықтарда келіспеушіліктерге ие. Сыртқы діни бағдардағы ерлі-зайыптылар топтарында және ішкі діни бағдардағы ерлі-зайыптылар арасында «психотерапевтік қарым-қатынас» құндылығының маңыздылығын анықтауда айырмашылықтар бар. Сыртқы діни бағдардағы ерлі-зайыптылардың арасында «ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастың қарапайымдылығы» өлшемінде сәйкессіздік болды.

Барлық үш топтағы ерлі-зайыптылардың үйлесімдігі «ерлі-зайыптылардың көзқарастарының ұқсастығы» және «жалпы отбасы символдарының болуы» тұрғысынан байқалады. 1 және 2 топ респонденттерінің отбасындағы қарым-қатынастың жеңілдігінің құндылығына қатысты көзқарастары ұқсас болса, әр түрлі діни бағдардағы ерлі-зайыптылар тобында отбасындағы қарым-қатынастың психотерапиялық сипатына қатысты пікірлердің бірлігі байқалды.

«Конфликт жағдайындағы ерлі-зайыптылардың өзара әрекеттесу сипаты» әдісін қолдана отырып, әртүрлі ұлттардың ерлі-зайыптылары үшін аймақтардың конфликтілік әлеуетінің деңгейіндегі айырмашылықтар анықталды. Әртүрлі діни бағдардағы ерлі-зайыптылардың отбасыларында ерлі-зайыптылардың біреуінің үстемдігі мен туыстарымен, достарымен қарым-қатынас мәселелеріне байланысты конфликтілер байқалды. Бұл мәселелер бойынша қақтығыстар жиі орын алғанымен, оған қатысты теріс реакциялар нақты көрінбеді. Басқа мәселелер бойынша да отбасылық түсініспеушіліктер кезінде келіспеушіліктің бейтарап көрінісі орын алды.

Сыртқы діни бағдардағы отбасыларда келесі салаларда сәйкессіздіктер бар: бала тәрбиесі, қызғаныштың көріністері, туыстарымен және достарымен қарым-қатынас, жұбайының үстемдігі, материалдық мәселелер, ерлі-зайыптылардың автономиясы, рөлдік үміттердің бұзылуы.

Ішкі діни бағдардағы ерлі-зайыптылардың арасында үстемдік, балаларды тәрбиелеу, рөлдік үміттердің бұзылуы, қызғаныш көріністері мәселелері бойынша жанжалды жағдайлар туындады. Қалған жақтары бейтарап-теріс немесе оң-бейтарап сипатта болды.

Үш топта респонденттердің ерлі-зайыптылардың үстемдігі мәселелеріне қатысты келіспеушіліктер бар. Бірінші және екінші топтар үшін достармен және туыстармен қарым-қатынас конфликт тудырады. 2 және 3 топтағы ерлі-зайыптылар үшін жанжал тудыратын жағдайларға балаларды тәрбиелеу, қызғаныш және рөлдік үміттерді бұзу жатады.

Әдістеме нәтижесі бойынша некедегі жанжалдың ең жоғары деңгейі сыртқы діни бағдардағы ерлі-зайыптыларда анықталды. Оның үстіне ерлі-зайыптылардың екеуінде де жанжалдың жоғары деңгейі байқалды. Діни бағдары әртүрлі ерлі-зайыптылар үшін және ішкі бағдары бар ерлі-зайыптылар үшін конфликтіліктің жалпы деңгейі айтарлықтай төмен болды, тіпті немесе жанжалды жағдайларды тудыратындай теріс әсер байқалған жоқ. Манн-Уитни сынағы қолданылған әдістің нәтижелерінде мәнді айырмашылықтар болған жоқ.

Талқылау

Мәліметтерді талдау әртүрлі діни бағдардағы этникалық аралас отбасыларда ерлі-зайыптылардың ортақ проблемалары барын, олардың шешілмеуі күрделі конфликтілерге алып келетінін атап өтуге мүмкіндік береді. Олардың ішінде ерлі-зайыптылардың біреуінің үстемдігіне, тұрмыстық функцияларды жүзеге асыруға қатысты шешілмеген мәселелердің болуын; ерлі-зайыптылардың ата-аналық міндеттерін жүзеге асыру

туралы түсініктерін, неке-отбасы қатынастарының тұрақтылығы үшін сыртқы әлеуметтік, оның ішінде кәсіби, әлеуметтік белсенділіктің маңыздылығына ерлі-зайыптылардың көзқарастарының сәйкес келмеуін атап өткен жөн. Ерлі-зайыптылар арасында, олардың діни бағдарының түріне қарамастан, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастың сенім, өзара түсіністік, эмоциялық қолдау сияқты ерекшеліктеріне қанағаттанбау байқалады.

Ішкі діни бағдардағы ерлі-зайыптылардың арасында да үстемдік, бала тәрбиесі, рөлдік үміттердің бұзылуы, қызғаныш көріністері мәселелері бойынша дау-дамайлар туындайды. Дегенмен, ішкі діни бағдардағы ерлі-зайыптылардың отбасында туындайтын жанжалды жағдайларға теріс реакциясы айтарлықтай төмен.

Зерттеу нәтижелері бойынша ерлі-зайыптылардың діни бағдарлары әртүрлі немесе ұқсас ұлтаралық отбасылардағы айырмашылықтарды анықтауға болады. Әртүрлі діни бағдардағы ерлі-зайыптылардың отбасыларында туыстарымен және достарымен қарым-қатынас мәселелері бойынша конфликтілер туындайды. Сыртқы діни бағдардағы ерлі-зайыптылардың арасында күйеуінің сыртқы келбеттің маңыздылығына және оның заманауи сән стандарттарына сәйкестігіне қатысты көзқарасында, балаларды тәрбиелеу саласында, қызғаныштың көріністерінде, материалдық мәселелерде, ерлі-зайыптылардың автономиясында, рөлдік үміттердің бұзылуына байланысты сәйкессіздіктер бар. Бұл топтағы респонденттер конфликтінің жоғары деңгейін көрсетті. Өздерін сенуші деп санайтын, бірақ шынайы сенуші емес (сыртқы діни бағдары бар), яғни әртүрлі ережелер мен нормаларды сақтамайтын ерлі-зайыптылардың еркіндігі көбірек деп болжауға болады, яғни, белгілі бір «дін шеңберлерімен» және қалыптасқан діни құндылықтармен бекітілмеген. Тиісінше, олар не өз ұлтының дәстүрлі ерекшеліктеріне, не өмір тәжірибесі мен жеке ерекшеліктеріне назар аударады. Олардың ерлі-зайыптылық өмірінің әртүрлі басқа мақсаттары мен мотивтері де бар, яғни, құдайға құлшылық етуді ғана қарастырмайды. Осыған байланысты ерлі-зайыптылардың пікірлері, мүдделері мен құндылықтарының тұрақты тоғысуы конфликтілерді тудырады.

Қорытынды

Әртүрлі дінді ұстанатын ерлі-зайыптылардың ұлтаралық некелері аса күрделі әлеуметтік құбылыс. Әртүрлі дінді ұстанатын ерлі-зайыптылардың ұлтаралық некелерінің күрделі әлеуметтік-психологиялық сипатын ашу жеке тұлғаның өзіндік санасының негізгі құрамдас бөлігі ретінде ерлі-зайыптылардың этникалық ерекшеліктерін есепке алмаса мүмкін болмайды. Ұлтаралық некеде ерлі-зайыптылардың этникалық және діни ерекшеліктері маңызды рөл атқарады, өйткені мұндай неке әртүрлі этникалық топтарға жататын еркек пен әйелдің одағы болып табылады. Ерлі-зайыптылардың тұлғалық және дара ерекшеліктеріне, олардың өз этносымен сәйкестендіру дәрежесіне және үйреншікті нормалардың, құндылықтардың, әдет-ғұрыптардың, дәстүрлердің күнделікті отбасылық пен некелік өмірдегі көрінісіне байланысты белгілі бір дәрежеде ерлі-зайыптылардың әрқайсысының өзіндік ұлттық-мәдени сәйкестігі өзгеріске ұшырайды. Ерлі-зайыптылық қатынастар

барысында этникалық белгілерді өзгертудің келесі нұсқалары алынуы мүмкін: не ерлі-зайыптылардың біреуі серіктесінің мәдени ерекшеліктерін толық меңгереді және өзінің тарихи мұрасынан айырылады; немесе ерлі-зайыптылардың екеуі де бір-бірінің белгілі бір этникалық белгілерін ішінара мойындайды және оларды екі түрлі мәдениет негізінде біріктіреді, немесе ерлі-зайыптылардың өзара келісімі негізінде олардың этникалық қауымдастықтарының ең жақсы көрсеткіштерін жаңа түрлендірілген нысанда біріктіретін өзінің жергілікті субмәдениетін қалыптастырады. Осылайша, әртүрлі дінді ұстанатын ерлі-зайыптылардың ұлтаралық некесі объективті және субъективті факторлардың әсерінен ерлі-зайыптылардың ұлттық-мәдени шығу тегін өзгертеді, олардың этникалық сәйкестендіру мәселесі нақты әлеуметтік анықталған әрекеттер мен бір-біріне көну арқылы неке қатынастарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі этникалық жағдай посткеңестік кеңістіктегі ерекше жағдайлардың бірі болып табылады, ол этникалық аралас некелердің салыстырмалы түрде жоғары үлесімен түсіндіріледі. Қазақстан аумағында аралас некелер титулды халықтың аз ұлт өкілдерімен некеге тұруға бейімділігінің әсерінен емес, еуропалық және азиялық этникалық топтарда аралас некеге деген басымдықтың жеткілікті түрде кең таралуына байланысты қалыптасады. Әртүрлі діни бағдар өкілдерінен құрылатын ұлтаралық отбасылар- психологиялық тұрғыдан терең зерттеуді қажет ететін заманауи шынайылық екенін мойындауымыз керек.

Авторлардың мақалаға қосқан үлесі:

А.Б. Валиева – зерттеу, жинақтау, талдау және жұмыс нәтижелерін түсіндіру, мәтін жазу тұжырымдамасына үлес қосу;

А.М. Айтышева – эмпирикалық жұмыс жүргізу, мақаланың мазмұнына сыни көзқараспен қарау; мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бекіту;

Г.Т. Урузбаева – эмпирикалық жұмыс жүргізу, мақаланың мазмұнына сыни көзқараспен қарау; деректердің сенімділігіне және мақаланың барлық бөліктерінің тұтастығына қатысты мәселелерді зерттеу және шешу.

Әдебиеттер тізімі

1. Галяпина В.Н. Влияние принадлежности супругов к разным этносам на неудовлетворенность супружескими взаимоотношениями: дисс. ... к. п.с.н. М., 2002. 156 с.

2. Макарова И.А. Межнациональные браки в современных условиях: особенности, факторы, мотивы формирования (на примере Забайкальского края): автореф. ... к.п.с.н. - Улан-Удэ, Забайкальский государственный университет, 2016. 25 с.

3. Рагузин В.Н. Роль религиозного фактора в межнациональных отношениях. М.: РАГС, 1998. 100с.

4. Уалиева С. Межэтнические браки в полиэтничных регионах Казахстана. Россия и мусульманский мир. 2010. <https://cyberleninka.ru/article/n/mezhetnicheskie-braki-v-polietnichnyh-regionah-kazahstana?ysclid=m29i2r2tlx483462834>.

5. Kozlov V. Kazakhstan and estonia: evaluation of preferences in intermarriages. Population and Economics 1(1):71-88. December 2017. DOI: 10.3897/popecon.1.e36033.

6. Казиев С.Ш., Старченко Р.А., Могунова М.В. Браки городских казахов и русских г. Петропавловска северного Казахстана: современные тенденции и перспективы // Вестник археологии, антропологии и этнографии. 2022. № 3 (58). DOI:10.20874/2071-0437-2022-58-3-16
7. Могунова М.В. Межнациональные браки в Казахстане: обзор историографии // Этнографическое обозрение. 2022. № 5. С. 211–222. DOI: 10.31857/S0869541522050116.
8. Кабакова М.П. Психологические аспекты стабилизации супружеских отношений: монография. Алматы: Қазақ университеті, 2015.190 с.
9. Мацкевич И.К. Изучение индивидуально-психологических особенностей членов ремиссионной семьи в условиях полиэтнического государства: на материалах Республики Казахстан: автореф. ...к.пс.н. М., 1999. 27с.
10. Балгимбаева З.М. Психология гендерных предубеждений: монография. Алматы: Алла прима, 2008.160с.

А.Б. Валиева, А.М.Айтышева, Г.Т. Урузбаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Особенности отношений супругов с разным типом религиозной ориентации в межнациональном браке

Аннотация. В статье представлен анализ характера взаимоотношений супругов разных национальностей. Актуальность исследования обусловлена высоким уровнем межнациональных браков в нашей стране и в мире в целом. Целью исследования является изучение психологических особенностей и проблем супружеских отношений в межнациональных браках, где супруги – представители разных типов религиозной ориентации. В качестве независимых переменных исследования представлены национальность и тип религиозной ориентации супругов. В качестве предмета анализа выступают психологические особенности супружеских отношений в межнациональных браках с супругами разного вероисповедания. Методологической основой эмпирического исследования являются деятельностный принцип (С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев и др.), принцип системной детерминации и анализа (Л.С. Выготский, Б.Ф. Ломов и др.), личностный подход (С.Л. Рубинштейн, Б.Г. Ананьев и др.). Эмпирическая программа включала анализ результатов по методике «Ролевые ожидания и притязания в браке» А.Н. Волковой; методике «Общение в семье» Ю.Е. Алёшиной, Л.Я. Гозман, Е.М. Дубовской; методике «Характер взаимодействия супругов в конфликтных ситуациях» Ю.Е. Алёшиной, Л.Я. Гозман, Е.М. Дубовской. Для определения религиозной ориентации супругов была применена «Анкета религиозной ориентации» И.М. Богдановской и «Шкала Религиозной ориентации» Г. Олпорта, Д. Росса.

Данная тема исследования является междисциплинарной и включает аспекты социальной психологии, психологии семьи, этнопсихологии. Результаты исследования подчеркивают важность определения типа религиозности каждого из супругов в исследовании характеристик супружеских взаимоотношений и решении вопросов нарушения системы супружеского взаимодействия в рамках семейного консультирования.

Ключевые слова: межнациональная семья, внутренняя религиозная ориентация, внешняя религиозная ориентация, супружеские отношения, конфликты.

A.B. Valieva, A.M. Aytysheva, G.T. Uruzbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Peculiarities of relations between spouses with different types of religious orientation in an interethnic marriage

Abstract. The article presents an analysis of the nature of relationships between spouses of different nationalities. The relevance of the study is due to the high level of interethnic marriages in our country and in the world as a whole. The purpose of the study is to study the psychological characteristics and problems of marital relations in interethnic marriages, where the spouses are representatives of different types of religious orientation. Nationality and type of religious orientation of the spouses are presented as independent variables of the study. The subject of analysis is the psychological characteristics of marital relations in interethnic marriages with spouses of different faiths. The methodological basis of the empirical study is the activity principle (S.L. Rubinstein, A.N. Leontiev, etc.), the principle of systemic determination and analysis (L.S. Vygotsky, B.F. Lomov, etc.), and the personal approach (S.L. Rubinstein, B.G. Ananyev, etc.). The empirical program included an analysis of the results using the technique "Role Expectations and Claims in Marriage" by A.N. Volkova; the method "Communication in the Family" by Yu.E. Aleshina, L.Ya. Gozman, E.M. Dubovskaya; the method "The Nature of Interaction of Spouses in Conflict Situations" by Yu.E. Aleshina, L.Ya. Gozman, E.M. Dubovskaya. To determine the religious orientation of the spouses, the "Religious Orientation Questionnaire" by I.M. Bogdanovskaya and the "Religious Orientation Scale" by G. Allport, D. Ross were used.

This research topic is interdisciplinary and includes aspects of social psychology, family psychology, ethnopsychology. The results of the study emphasize the importance of determining the type of religiosity of each of the spouses in the study of the characteristics of marital relationships and solving issues of disruption of the marital interaction system within the framework of family counseling.

Keywords: interethnic family, internal religious orientation, external religious orientation, marital relations, conflicts.

References

1. Galyapina V.N. Vliyanie prinadlezhnosti suprugov k raznym etnosam na ne udovletvorennost' supruzheskimi vzaimootnosheniyami: Diss. ... k. ps.n. M., 2002. 156 s.
2. Makarova I.A. Mezhnacional'nye braki v sovremennykh usloviyakh: osobennosti, faktory, motivy formirovaniya (naprimere Zabajkal'skogo kraja): Avtoref. ... k.ps.n. - Ulan-Ude, Zabajkal'skij gosudarstvennyj universitet, 2016. 25 s.
3. Raguzin V.N. Rol' religioznogo faktora v mezhnacional'nykh otnosheniyakh. M.: RAGS, 1998. 100s.
4. Umbetalieva T.B. V Kazahstane rastet kolichestvo mezhnacional'nykh brakov // Vremya. 19 iyulya 2012.
5. Volkov A.G. Etnicheski smeshannye sem'ii mezhnacional'nye braki // Sem'yai semejnaya politika. M.: Institutsocial'no-ekonomicheskikh problem narodonaseleniya, 1991. S. 68-86.
6. Kalyshev A.B. Mezhnacional'nye braki v sel'skih rajonah Kazahstana: po dannym Pavlodarskoj oblasti. 1966–1979 gg. // Sovetskaya etnografiya. 1984. № 2. S. 71–77.

7. Ualiev S. Mezhetnicheskie braki, smeshannoe proiskhozhdeniei «Druzhba narodov» v sovetskom i postsovetskom Kazahstane // Neprikosnovennyj zapas. 2011. № 6.S. 234-244.

8. Kabakova M.P. Psihologicheskie aspekty stabilizacii supruzheskih otnoshenij. Monografiya. Almaty: Қазақ университети, 2015.190 s.

9. Mackevich I.K. Izuchenie individual'no-psihologicheskikh osobennostej chlenov remissionnoj sem'i v usloviyah polietnicheskogo gosudarstva: Na materialah Respubliki Kazahstan: Avtoref. ...k.ps.n. M., 1999. 27s.

10. Balgimbaeva Z.M. Psihologiya gendernyh predubezhdenij. Monografiya. Almaty: Alla prima, 2008.160s.

Авторлар туралы мәлімет:

Анар Бираловна Валиева – психология ғылымдарының кандидаты, доцент, профессордың м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, anarabv@mail.ru

Айгуль Мукатайқызы Айтышева – психология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, aigul_mukatay@mail.ru

Гаухар Тлеубердиевна Урузбаева – психология ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, numenorih3@mail.ru

Сведения об авторах:

Анар Бираловна Валиева – кандидат психологических наук, доцент, и.о. профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, anarabv@mail.ru

Айгуль Мукатаевна Айтышева – кандидат психологических наук, ст. преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, aigul_mukatay@mail.ru

Гаухар Тлеубердиевна Урузбаева – кандидат психологических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, numenorih3@mail.ru

Information about authors:

Anar Valiyeva – candidate of psychological sciences, associate professor, professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, anarabv@mail.ru

Aigul Aitysheva – candidate of psychological sciences, associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, aigul_mukatay@mail.ru

Gaukhar Tleuberdiyevna Uruzbayeva – candidate of psychological sciences, associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, numenorih3@mail.ru